

Ата-аналарға арналған кеңес «Балалардың музыкалық ырғағын дамыту»



Ырғақ сезімі – музыкалық қабілеттердің бірі, онсыз кез-келген музыкалық әрекет іс жүзінде мүмкін емес. Ырғақ сезімі - бұл музыканы белсенді түрде сезіну, музыкалық ырғақтың эмоционалды экспрессивтілігін сезіну және оны дәл қайталау. Ырғақ – музыканың орталық, іргелі элементтерінің бірі, сондықтан ырғақты жаңғырту үшін музыкалық әрекеттің барлық түрлері қолданылады: музыка тыңдау, ән айту, музыкалық және ырғақты қозғалыстар, музыкалық ойындар, негізгі музыка жасау.

Музыкалық ойындар, билер, жаттығулар мектепке дейінгі балаларға ойын-сауықпен қатар, дене, ой және эстетикалық дамуы үшін де қажет. Олар балаларға музыканы сүйуге көмектеседі; эмоциялық әсер алуға; музыкалық есту қабілетін және ырғақ сезімін дамытады, балаларды жаңа музыкалық білімдермен байытады, олардың музыкалық ой өрісін кеңейтеді.

Музыкалық-ырғақтық тәрбиелеуді жүзеге асыратын материал баланың қызығушылықтары мен мүмкіншіліктеріне сәйкес болу керек, жоғары көркем болу керек.

Аспапты музыка және хоровод көрнекті, жағымды әуенмен қарапайым гармониямен және мәнерлі динамикалық ерекшеліктермен болу керек. Музыкалық шығармашылықтарды орындау нақты және көркем болу керек. Ешқандай темп өзгеруі, шартсыз тоқтаулар болмауға тиіс.

Елестету және биде көрсету кезінде түсінерлік музыкалық шығармалар қажет. Бұл балаларға ең қарапайым қозғалыстарда музыка сипатын көрсетуге мүмкіндік береді, шығарма мазмұнын терең түсінуге және бекітуге көмектеседі.

Бұл бөлімнің міндеттері:

- Балаларды қозғалысты музыка сипатымен келістіруді үйрету. Музыкалық мәнердің аса тиімді құралдарын пайдалану: ырғақты және мәнерлі қозғалу, музыкалық ойындарға ойнау, хоровод жүргізу, билеу;
- Балаларда ырғақ сезімен дамыту: музыканың ырғақтық мәнерін сезіну, және де

оны қозғалыс арқылы жеткізу;

- Көркем шығармашылық қабілеттерді дамыту. Олар ересек мектепке дейінгі жастағы балаларды ойын бейнесін өзгеше, өзіне тән көрінсті көрсету, ойдан шығару, би қозғалыстарын қиыстыру, хоровод жасау, бұл білімдерді жеке дербес іс-әрекетте қолдану арқылы көрінеді.

Бұл міндеттер негізгі талапты орындауда шешіледі қозғалыс сипатының музыкалық образға, оның мазмұны мен дамуына сәйкестігі.

Балаларды музыкалық-ырғақтық қозғалыстарға, биге, ойындарға, жаттығуларға үйретуде музыкалық жетекшілер келесі әдістерді қолданады:

- көрнекі-естулік (музыканы мәнерлі орындау);
- көрнекі-қозғалыстық (ойындарды, билерді, жеке ырғақ жаттығуларын көрсету);
- сөздік (қозғалысты орындау барысында нұсқаулар, түсіндірулер беру);
- жаттығулар: көп реттік қайталаулар, таныс материалды түрлендіру.

Егер осы әдістер дұрыс іріктелсе, онда олар балаға шығарманың мазмұны мен сипатын тереңірек және ұғынып меңгеруге көмектеседі.

Музыкалық-ырғақтық қозғалыстарға оқыту әдістемесі алуан түрлі.

Музыкалық-ырғақтық қозғалыстарды дамыту әрбір жас кезеңінде әр түрлі өтеді. Алғашқы кезеңде балалардың зейінін музыкаға аудару қажет, музыкаға қозғалыспен жауап беруге үйрету. Бала ерте жастан бастап музыкаға эмоциямен жауап береді, бұл мимика, жест арқылы көрінеді. Бірақ оның қозғалысы нақты емес және музыкамен сәйкес келмейді. Бұл жастағы балаларды үйретудің негізінде ересек адамға еліктеу болып табылады. Музыка жүргенде ғана қозғалу керектігіне балалардың назарын аудару қажет, контрасттық бөлімдердің ауысуына жауап беруді үйрету, музыка біткесін қозғалыстарды тоқтату.

